

# АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Шымкенттегі Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің ұйымдастыруымен болашақ талапкерлерге арналған «Ашық есік күні» мерекесі өткізілді. Оған аталмыш оқу орнының ұлағатты ұстаздары, студенттері, ата-аналар мен бір топ мектеп оқушылары қатысты.

Құттықтау сөз сөйлеген М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің директоры, тарих ғылымының докторы Сейдахан Нұрмаханұлы Әлібек:

— Студенттік шақ — адам өмірінің алтын дәуірі, ең жарқын ұмытылмас сәттері екені даусыз. Осы орайда жастар қауымы мамандық, дос және жар таңдауда жаңылыспау қажеттігін баса айтар едім. Мамандық таңдау — өте жауапты әрі маңызды іс. Бұл мәселеде әр адам ең алдымен өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

Колледжімізде жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында барлық жағдай жасалған. Ұлағатты ұстаздар студенттерге дәріс береді. Сан түрлі үйірмелер жастардың жан-жақты жетілуіне иі ықпал жасайды. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысу арқылы шыңдалуға болады. Сол себепті де бүгінгі «Ашық есік күні» мерекесінде Сіздерді біздің колледжімізге оқуға шақырамыз, — деді.

Бұдан кейін ол «Bilim-orkenіebі» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен Үздік студенттер академиясының ұйымдастыруымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері студенттерінің арасында өткізілген «ТМД-ның Үздік студенті!» атты Халықаралық байқаудың жеңімпазы атанған М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің Тамақтандыруды ұйымдастыру және Бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының I курс студенттері — Айсері Көшен мен Әділби Жолдасбайға арнайы куәлік, төсбелгімен қоса — қабат Бірінші дәрежелі Дипломды салтанатты жағдайда табыс етті.

Дана халқымызда «Ұстазы жақсының — ұстанымы жақсы», — деген ұлағатты сөз бар. Егемен еліміздің көк туын әлемдік деңгейде желбіретіп жүрген колледжіміздің мақтанышына айналған өнегелі

жастарымыз өте көп. Солардың бірі — Дене тәрбиесі және спорт мамандығының III курс студенті Аяжан Ерзатқызы Ергентай. Ол 2021 жылы «UNIFIGHT» әмбебап жекпе-жектен өткен Әлем чемпионатында «классика» версиясы бойынша чемпион, ал «лайт» версиясы бойынша қола жүлдегер болған. Ресей Федерациясының Анапа қаласында өткен спорттық пышақ лақтырудан Әлем чемпионатында қола медаль иеленіп, «Үздік техникалық жауынгер» атанған. Болгарияның астанасы — Софияда «ММА» аралас жекпе-жектен өткен Әлем чемпионатында үздік үштікке іліккен. Украинаның Харьков қаласында панкратионнан өткен Әлем чемпионатында да үшінші орын иеленген. 2022 жылы «UNIFIGHT» әмбебап жекпе-жектен Өзбекстанның астанасы — Ташкентте өткен Әлем чемпионатында «классика» және «лайт» версиялары бойынша топ жарған. «ММА» аралас жекпе-жектен Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы — Абу-Даби (Дубай) қаласында өткен Әлем чемпионатында екінші орын еншілеген. 2023 жылы Түркістан облысының Шардара қаласында өткен «Дала бөрілері ФС» жарысында чемпиондық белбеуді иеленген. Әмбебап жекпе-жектен Азияның қос дүркін чемпионы атанған.

Осы мамандық бойынша II курста оқитын Дастан Наширепов батуттық гимнастикадан өз құрдастарының арасында Қазақстан чемпионы атанып отыр.

Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығының II курс студенті Аяжан Сапарханқызы Тоқтамысова кекушинкай каратэден «Шахтер» кубогында екінші орын еншілеген. Түркістан облысының қос дүркін чемпионы.

Ақпараттық жүйелер мамандығының IV курс студенті Қайырхан Кемелхан қазақ күресі, дзюдо, самбодан өткен бірқатар Халықаралық жарыстардың жеңімпазы.



Бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығының II курс студенті Ерасыл Ғалымжанұлы — қазақша күрес, дзюдо, самбодан спорт шеберлігіне үміткер. Азия кубогының қола жүлдегері.

М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің волейболшы қыздар командасы Шымкент қаласындағы арнаулы орта оқу орындары арасында өткен спартакиаданың қос дүркін жеңімпазы атанып, республикалық жарыстарда бағын сынап жүр.

Ветеринария мамандығының I курс студенті Сержан Ерсайынұлы Мәделі 2022 жылы көкпардан Түркістан облысында өткен облыстық жарыстың жеңімпазы. 2023 жылы Қазақстан чемпионы атанған. Қостанай қаласында өткен республикалық жарыста ең үздік шабуылшы деп танылған. 2022 жылы кір (гир) тасын көтеру спортынан өткен республикалық жарыстың жеңімпазы атанған.

Дене тәрбиесі және спорт мамандығының I курс студенті Аймарал Ғалымжанқызы Өскенова таеквандодан Алматы, Шымкент, Астанада өткен республикалық жарыстарда топ жарған. 2022 жылы Байқоңыр қаласында өткен Халықаралық жарыстың жеңімпазы атанған. Таеквандодан қара белбеу иегері.

Осы мамандық бойынша II курста оқитын Мақсат Өтеген кекушинкай каратэден (14-15 жас, 55 келі салмақ дәрежесі) Шымкентте өткен жарыстың жеңімпазы. Қазақстан Республикасындағы Балалар жылына орай өткен Семей қаласы әкімінің ашық кубогының қола жүлдегері. Жеңіс күніне арналған Алматы облысының ашық чемпионатында (14-15 жас, 60 келі салмақ дәрежесі) үздік үштікке іліккен. Бүкілқазақстандық кекушинкай каратэ ұйымы Шымкент қалалық филиалының клубаралық жарысында (16-17 жас, 65 келі) жеңімпаз атанған.

Осы мамандық бойынша оқитын тағы бір студент, бокстан Қазақстанның спорт шеберлігіне үміткер, «Үздік боксшы» атапымының иегері Қайрат Иристаев Шымкент қаласында өткен клубтар аралық турнирде 60 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанған. Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай 2008-2012 жылдары туылған жасөспірімдер арасында өткен «Тарлан батырлары» ашық

чемпионатында топ жарған. Шымкент қаласында 2008-2009 жылдары туылған жасөспірімдер арасында өткен чемпионатта да қарсыластарының бәрінен басым түскен.

Енді бір сәтте арнайы пән оқытушылары — Әлия Ахметова, Айгүл Сәбденованың жетекшілігіндегі студенттер өз қолдарымен тіккен өнер туындыларын жұртшылық назарына ұсынды. Сахнада дефиле көрсетілді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің түлегі, WorldSkills Kazakhstan 2022 республикалық чемпионатында «Ұшқышсыз ұшу аппараттары» құзіреттілігі бойынша жүлделі жеңімпаз атанған, бұғанды осы арнаулы оқу орнының білікті маманы Муаххид Абдухалилұлы Абдрахимов сөз сөйлеп, талапкерлерді озат оқумен қатар ізденіспен жұмыс істеуге шақырды.

Кез келген мамандықта өз Ғіне сенімді, құрбы таңдау жасаған адам ғана жетістікке жететіні ақиқат. Студенттік кезең қызықтары мен қоса-қабат қиындықтарымен де мәңгі есте қалады. Әрбір талапкер оқуға түсер кезде өзі ұнатқан кәсібінің білікті маманы болуды алдына мақсат етіп қояды. Сол мақсатқа жететін жолды қалыптастыратын әрине, оқу ордасы және ондағы білікті ұстаздар екені баршаға белгілі. Осы орайда колледждегі студенттерді кәсіпке баулитын мамандықтарды таныстыру үшін арнайы пән оқытушысы Зере Болатқызы Омарға сөз берілді. Ол сан түрлі мамандықтың қыры мен сыры жайлы ойын ортаға салды.

«Ашық есік күні» мерекесінің соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Онда IV курс студенті Азиз Айтбай «Қазақстаным», I курс студенті Самира Абдурахман «Замандастар», II курс студенттері — Елдос Бөгенбай «Сенен басқа», Дастан Үсенов «Қанша күн», Елдос Бөгенбай, Дастан Үсенов, Нұргүл Қалабекова «Мен сені сүйемін, Қазақстан!» әндерін шырқап, көпшіліктің көңілінен шықты.

**Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,**  
Мұхтар Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан университеті  
Ақпараттық білім орталығының  
кітапханашысы,  
ОҚУ колледжінің оқытушысы.

